

«Манашы»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК

III Педагогикалық кеңестің

ХАТТАМАСЫ № 3

Бейнеу ауданы

28.01.2022 жыл

Қатысқандар – 19 педагог

Күн тәртібінде

1. №2 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Топтардағы балалардың балабақша қатысы, денсаулық жайын анықтау, салыстырмалы бақылау
2. Педагогтердің жарты жылдық есебі
- 3.1-жарты жылдықтағы мониторин қорытындысы
4. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді жүзеге асыру
 1. Практикалық викторина
 2. Педагогикалық кейс-тапсырмалар
5. Әртүрлі мәселелер
6. Педкеңестің қорытындысы

Тыңдалды:

1. Бөбекжайдың 2022 жылдың 28 қаңтардағы педагогикалық кеңесін бөбекжай директоры м.а К.Корпелиева ашып, қатысушыларды жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Сөз кезегінде балабақшада өтілген аттестаттау жұмысына тоқталып өтіп, тәрбиешілерге: оқу процесін жүргізу барысында ҚР МЖМБ стандартында қалай жазылып көрсетілсе, өзгертпей және қысқартпай ұйымдастырылған оқу қызметтерінің атауын толық жазуды ескертті, сонымен қатар үнемі өзара оқу қызметтеріне кіріп, соның ішінде жас тәрбиешілерге тәжірибесі мол әріптестерінің оқу қызметтеріне, режимдік кезеңдерге кіріп, тәжірибе жинақтауларын талап етті.
2. Бөбекжайда балалардың қатысы туралы әдіскер Ж.Муханбердиева айтып өтті. 8 топқа 200 бала келуі тиіс. Қыс мезгілі болғандықтан балалардың қатысы азайып кеткенін және де тәрбиешілер тәрбиеленушілердің не себепті қалып қойғандарын ата-анамен байланыс жасау барысында біліп отырды.

Медбике А.Қазиева ата-аналар және тәрбиешілерден баланың денсаулығын сұрап біліп отырды. Таңертеңгі сүзгіде балаларды қадағалап қарап алу керектігін айтып өтті.

3-мәселе бойынша педагогтардың 2021-2022 оқу жылындағы жарты жылдық есебі тыңдалды. онда педагогтар қыркүйек айынан бастап ақпан айына дейінгі аралықта өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметі мен ертеңгіліктеріне, ата-аналар жиналысы мен топтағы бала санының мәліметіне тоқтады.

4. Инклюзивті білімді жүзеге асыру бойынша дефектолог/логопед маманы практикалық викторина барысында «Менің өмірлік жолым» тақырыбында тренинг жүргізді. Бұл қиял ғажайып тест арқылы ұжым мүшелері өз өмірлеріне бір сәт басқаша көзбен қарауға мүмкіндік алды. Әрбір педагогқа берілген тапсырманың жауабы бойынша: 1- тапсырмадағы егін алқабы-ол өмірлік жолы, жол-бұл өмірлік жолы, жауын-басқаның сіз туралы айтқан пікіріне көзқарасы, мысық жалпы зат туралы пікірі, с немесе от-отбасындағы рөлі. Осы бойынша педагогтардың өз өмірлеріне деген көзқарасы анықталды. Инклюзивті білім беруде де әрбір педагог жауапкершілікпен жол таба білу керектігін түсіндірді.

Сөз сөйледі тәрбиеші Туреханова Қ тапсырмаларды орындап тренингтен жақсы әсер алғанын және инклюзивті білім беруде қалай жол табуға болатынын түсінді.

5. Мәселе бойынша бөбекжай әдіскері аттестатталушы педагогтардың тізімін атап өтті және жоспарға сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізіп тапсырды.

Шешім

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелсін.
2. Тәрбиеленушілердің қатысын қадағалау әдіскер Ж. Муханбердиеваға денсаулық жайын анықтап, бақылау медбике А. Қазиеваға жүктелсін.
3. Педагогтардың жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.
4. «Құлыншақ» тобының мониторингі қайта есептелінсін.
5. Дефектолог/логопед маманы тренингтің қорытындысын жасап, педагогтармен инклюзивті білім беру бойынша жұмыстар жүргізілсін.
6. Аттестаттаудан өтуге теске дайындалу керектігі педагогтарға жүктелсін

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

К. Корпелиева

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Ж. Муханбердиева